

# Кітап – даналыққа бастар жол

**Кітап атаулы досы  
бала бастаған шақтан  
былай ғана әрбір жан  
өзін интеллигент бола  
бастадым деп санауына  
болады деп, - Мұхтар  
Әуезов айтқандай,  
кітап оқу – адамның  
көкжиегін кеңейтіп,  
ой-өрісін дамытатын  
маңызды құрал.**

Осыған орай, кітап сүйер қауым үшін «Оқы және Жен» байқауы – өз білімінді сынақ, жаңа жетістіктерге жетудің тамаша мүмкіндігі.

2024 жылдың шілде айында өткен Ұлттық құрылтайтың үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кітап оқудың жоғары мәдениетін қалыптастыруды тапсырды. Осыған орай, Қазақстан Укіметі 23 сәуірді «Ұлттық кітап күні» ретінде белгілеу туралы шешім қабылдады. Бұл бастама қоғамда кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталып отыр. Осы орайда облыс әкімдігінің қолдауымен бастау алған, Л.Н. Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы үйімдастырып отырған оқырман қауымның әдеби шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттырар «Оқы және Жен» онлайн байқауына атсалысайық.

1 ақпанда III облыстық

«Оқы және Жен» онлайн кітап оқу байқауы басталады. Байқау қазақ және орыс тілдерінде үш жас санаты бойынша өткізіледі.

10 жастан 14 жасқа дейін

15 жастан 18 жасқа дейін

19 жас және одан жоғары.

Байқауға <http://kitap10.kz> сайты арқылы тіркеле аласыздар.

Бүгінгі жаһандану заманында технологиялар қарқынды дамып, ақпарат тасқыны кітаптың маңыздылығы ешқашан жойылмайды. Электронды кітаптар мен интернет-ресурстардың қолжетімділігіне қарамастан, баспадан шыққан кітаптың құндылығы ерекше.

Қорытындылай келе, кітап – адамның ең сенімді серігі, ақылшы досы дегім келеді. Кітап оқуды әдетке айналдырған әрбір адам білімді, мәдениетті, ой-өрісі кең тұлға болып қалыптастары сөзсіз. Ендеше, сүйікті кітабымызды қолға алып, «Оқы және Жен» байқауына қатысуға асығайық! Байқаудың жеңімпаздары дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталауды. Барлығынызға сәттілік!

**Жұлдыз ӘЖАНОВА,  
облыстық №2 әмбебап  
ғылыми кітапханасының  
ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету  
бөлімінің менгерушісі**